



## УЛЫ ЖЫЛАН ШАҚҚАНДА НЕ ІСТЕМЕУ КЕРЕК?

- Тірі / өлі жыланды ұстап алуға немесе қолға алуға тырыспаңыз.
- Шағып алған аяқ-қолыңызды қозғалтпаңыз және жүгірмеңіз.
- Бұрау салмаңыз (улануды окшаулау аяқ-кол некрозын тудыруы мүмкін).
- Жараны кесуге/күйдіруге/соруға тырыспаңыз (мұндай әрекеттер пайдасыз, өйткені у шағылған жерден қанға тез тарайды).
- Алкогольді ішпеңіз (алкогольді ішімдіктер удың ағзаға таралуын тездетеді).
- Халықтық медицинадағы дәрі-дәрмектерді қолданбаңыз (бұрышты жүту, мұзды, лосьондар/жақпа май/шөп пасталарын жараға жағу және т.б.).
- Калий перманганатын қолданбаңыз.
- Электротерапияны қолданбаңыз.
- Науқасты халық емшілеріне апармаңыз.
- Ауруханаға тасымалдауды кешіктірмеңіз.



Қазақстан Республикасы, 090000,  
Орал қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 162



Ресей, 445003, Самара облысы,  
Тольятти қаласы, Комзин көшесі, 10

Біздің сайт: [westkazsnakes.kz](http://westkazsnakes.kz)  
Электронды пошта: [kazhurat78@mail.ru](mailto:kazhurat78@mail.ru)  
Тел.: +7 777 873 52 60

Буклет Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің жобасын (грант № АР 19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы») жүзеге асыру аясында дайындалған.

© Ахмеденов К.М., Бакиев А.Г., Кленина А.А.,  
Симонов Е.П. Батыс Қазақстанның жыландары.  
Орал, 2023.

© Фотографтар: Ахмеденов К.М. (1, 3, 6); Бакиев А.Г. (7);  
Кленина А.А. (2, 4, 5, 12); Симонов Е.П. (11);  
Шпигельман М.И. (10); Яблонский Д. (8, 9).

Қазақстан Республикасы Ғылым және  
жоғары білім министрлігі

М.Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан университеті

Ресей Ғылым академиясының  
Еділ бассейнінің экологиясы институты -  
"Ресей Ғылым академиясының  
Самара федералды зерттеу  
орталығы"ФМБМ филиалы



# Батыс Қазақстанның ЖЫЛАНДАРЫ



Орал, 2023

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫ МЕКЕНДЕЙТІН ЖЫЛАН ТҮРЛЕРІ



1  
Құм  
айдаһаршасы



2  
Кәдімгі сары  
жылан



3  
Өрнекті қарашұбар  
жылан



4  
Паллас қарашұбар  
жыланы



5  
Каспий қарашұбар  
жыланы



6  
Кәдімгі сарыбас  
жылан



7  
Су жылан



8  
Көлденең жолақты  
қарашұбар жылан



9  
Теңбіл қарашұбар  
жылан



10  
Оқ жылан



11  
Қараған бозша  
жылан



12  
Шығыс дала сұр  
жылан

Батыс Қазақстанда (Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстары) жыландардың 12 түрі мекендейді. Олардың ішінде үш түрі улы – оқ жылан, шығыс дала сұр жыланы және қараған бозша жылан. Алайда, оқ жыланның шағуы адамдарға қауіп төндірмейді, өйткені оның у өткізгіш жүлге тәрізді тістері жақ сүйегінің артқы жағында орналасқан. Оқ жылан адамды осы тістермен, тек оның аузына саусақты терең енгізгенде ғана тістей алады. Адамдар мен үй жануарларының денсаулығы мен өміріне қараған бозша жылан мен шығыс дала сұр жыланының шағуы қауіп төндіреді.

## НЕЛІКТЕН ЖЫЛАНДАР АДАМДАРДЫ ШАҒАДЫ?

Жыландар адамды тек өзін-өзі қорғау үшін тістейді, олар оны азық ретінде қабылдамайды. Кеміргіштер, қосмекенділер, балықтар, жәндіктер және басқа да ұсақ жануарлар жыландарға азық ретінде қызмет етеді. Жыландар адамдарды өздеріне қауіп төнген кезде ғана шағып алады. Егер адам кездейсоқ жыланды басып кетсе, оның шағып алуы мүмкін, өйткені жылан оған шабуыл жасалды деп болжайды. Жыланның шағудың көбінесе адамдар оларды ұстауға немесе өлтіруге тырысқанда болады. Жыландар адамдардан аулақ болуды жөн көреді.

## УЛЫ ЖЫЛАН ШАҚСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- Жедел жәрдем шақырыңыз немесе зардап шегушіні дереу жақын маңдағы емдеу мекемесіне жеткізіңіз.
- Жылан шаққандың көпшілігі қорқып алаңдайды, сондықтан оларды тыныштандыруға тырысыңыз.
- Зардап шегушіге ыңғайлы және қауіпсіз жағдайда жатуға мүмкіндік беріңіз.
- Қан айналымының бұзылуына және ісінудің асқынуына әсер ететін барлық тар киім мен әшекейлерді шешіңіз.
- Егер зардап шегушіні медициналық мекемеге тез жеткізу мүмкін болмаса шағылған адамға антигистаминді дәрі-дәрмек беріңіз (димедрол, лоратадин, тавегил, левоцетиризин, супрастин), оны көлденең жатқызып тыныштық жағдай жасап мол сусын беріңіз.
- Улану симптомдарын азайту үшін зардап шегушіге мүмкіндігінше көп су ішу керек (күніне 3-5 литрге дейін ауыз су немесе сілтілі минералды су, шай, кофе).